

**8D10101 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған Таушанова Майя
Карибаевнаның «Глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық-
санитариялық алғашқы көмек көрсету деңгейінде динамикалық бақылау
жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ПІКІР**

Докторант Таушанова Майя Карибаевна 2010 жылы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің «Қоғамдық денсаулық сақтау» факультетін бітірді. 2015 жылдан бастап қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау кафедрасында аға оқытушы болып жұмыс жасайды. 2017 жылы «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша магистратураны тәмамдап, медицина ғылымдарының магистрі дәрежесін алды. 2020-2023 жж. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде 8D10101 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми-педагогикалық бағыттағы докторантурадағы оқуын сәтті аяқтады.

М.К. Таушанова докторантураның базалық және профилдік пәндерін сәтті меңгеріп, емтихандарын уақытында және жоғары нәтижемен тапсырды. Оның зерттеу жұмысы жеке жоспарға сәйкес жүйелі түрде орындалып, белгіленген мерзімде ғылыми-зерттеу есептері уақтылы беріліп отырды.

Диссертациялық жұмысының тақырыбы «Глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде динамикалық бақылау жүйесін жетілдіру» – қоғамдық денсаулық сақтау және офтальмология саласындағы маңызды әрі өзекті мәселелердің бірін қарастырады. Зерттеудің мақсаты теориялық және тәжірибелік маңызға ие.

М.К. Таушанова зерттеу жұмысының барлық кезеңдерін өз бетінше жүйелі түрде жүзеге асырды: отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді талдау, науқастарға арналған «Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасын әзірлеу, офтальмологтар мен науқастарға сауалнама жүргізу, статистикалық деректерді жинау және өңдеу, докторлық диссертация жазу, сондай-ақ ғылыми негізделген практикалық ұсыныстар әзірлеу. Докторант ғылыми-зерттеу жұмысының халықаралық стандарттарына сай әдістерді қолданып, алынған нәтижелерді нақты және дәлелді түрде ұсынды.

Зерттеу нәтижесінде докторант өзіне жүктелген барлық міндеттерді толығымен орындап, ғылыми жаңалықтар мен денсаулық сақтау саласында қолдануға болатын практикалық ұсыныстар әзірледі. Бұл нәтижелер Қазақстанда ғана емес, халықаралық деңгейде де қолданылуға лайықты.

Докторант зерттеу жұмысын орындау кезінде жоғары жауапкершілік пен кәсібилігін көрсетіп, ғылыми ізденімпаздығымен ғылыми қауымдастықтың оң бағасын алды. Ол ғылыми кеңесшілерімен тығыз байланыста жұмыс жасап, диссертациялық жұмыстың жоғары ғылыми деңгейде орындалуын қамтамасыз етті.

Диссертация тақырыбы бойынша 24 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 4 мақала, Scopus

халықаралық базаларында индекстелетін басылымдарда 2 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында 11 тезис жарық көрген. Зерттеу нәтижелерін ендіру бойынша 4 ендіру актілері мен 7 авторлық куәлік алынған.

Қорытындылай келе, Таушанова Майя Карибаевна «Глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде динамикалық бақылау жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы докторлық диссертациясын сәтті қорғауға толықтай лайық. Оның зерттеу жұмысы денсаулық сақтау саласына маңызды үлес қосып, ғылыми-зерттеу қызметінің жоғары стандарттарына сай келеді.

**Ғылыми кеңесші,
«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» ҚеАҚ.,
Қоғамдық денсаулық
және денсаулық сақтау
кафедрасының жетекшісі,
м.ғ.к., қауымдастырылған профессор**



Ермуханова Л.С

